

**Қамқоршылық кеңестің отырысының
№ 5 Хаттамасы**

«Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК

«28» 10 2025 жыл

Қатысқаны: 8 адам

Кеңес Төрағасы – А.К. Муканов

Кеңес хатшысы – А.Г. Бисенгалиева

Кеңес мүшелері:

1. Жетписбаев С.Г. – КММ «Костанайжэлектросервис» директоры
2. Ерденов А.У. – «Ерденов А.У.» ЖК басшысы
3. Матвеев А.А. – 3 курс білім алушысының ата-анасы
4. Омарова А.А. – руководитель ИП «Омарова»
5. Усенова Ж. – 1 курс білім алушысының ата-анасы
6. Кариева Ж.О. – 2 курс білім алушысының ата-анасы
7. Досов Ш.Т. – ЖШС «Каркын» директоры

Қатыспағаны: 3 адам

1. Тулекбаев С.К. – Арқалық қ. № 4 сайлау округінің депутаты
2. Кетов И.А. – «Мастер-пласт» ЖК басшысы
3. Соколова Т.Ж. – ЖШС «Олви» директоры

Күн тәртібі:

1. Білім беру ұйымының мүдделері мен білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары бойынша даулы мәселелерді шешуге ықпал ету

Колледж директоры

2. Байқаулар, фестивальдер, көрмелер және басқа да іс-шараларды ұйымдастыруға көмек көрсету

*Директордың ОТЖЖ орынбасары
Кеңес мүшелері*

3. Студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуі бойынша кәсіпорындармен келісімдер, әлеуметтік серіктестермен бірлескен қызмет туралы шарттар жасауға көмек көрсету

Директордың ОӘЖЖ орынбасары
Кеңес мүшелері

4. Түлектердің кәсіби дайындығы мен жұмысқа орналасуын талдау

Директордың ОӘЖЖ орынбасары
Кеңес мүшелері

5. 2025-2026 оқу жылында студенттердің қоғамдық, мәдени-демалыс қызметіне, көшпелі (выездной) іс-шараларға және Студенттер лигасына қатысуына көмек беру

Директордың ОӘЖЖ орынбасары
Кеңес мүшелері

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Арқалық политехникалық колледжіндегі білім алушылар мен оқытушылар арасында туындауы мүмкін даулы жағдайлар туралы баяндама жасады. Баяндамада қазіргі таңда колледжде оқу-тәрбие процесі жалпы қалыпты деңгейде ұйымдастырылып отырғаны, тараптар арасында елеулі келіспеушіліктер тіркелмегені атап өтілді. Дегенмен, алдын алу мақсатында білім алушылар мен ата-аналарға құқықтық ақпарат беру, ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру, академиялық адалдық, оқытушылар мен білім алушылар арасындағы өзара сыйластық қағидаларын түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуі қажет екені айтылды.

Екінші мәселе бойынша мәдени және тәрбие жұмыстары жөнінде колледжде ұйымдастырылатын мәдени және шығармашылық іс-шаралар жоспары бойынша баяндама жасады. Баяндама барысында білім алушылардың көркемөнерпаздар үйірмелеріне, шығармашылық клубтарға қатысуын арттыру, талантты жастарды анықтау және қолдау бағытында атқарылатын жұмыстарға тоқталды. Сонымен қатар, алдағы уақытта өткізілетін іс-шаралар, студенттік өнер байқауы, ұлттық киімдер көрмесі, «Таланттыларды іздейміз» фестивалі, тақырыптық көрмелер мен топаралық байқаулар туралы мәлімет берді. Барлық тәрбиелік іс-шаралар республика Президентінің бағдарламасы «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 6 құндылық бойынша жүзеге асатыны айтылды. Аталған іс-шараларды ұйымдастыруда студенттер парламенті, тәрбие бөлімдері және кеңес мүшелерімен, олардың қолдауларымен бірлесіп жұмыс істеу керектігін атап өтті. Колледжде мамандық бойынша көрме ақсап тұр. Осы жылдың желтоқсан айында колледждің жұмыс жоспарына сәйкес көрмеге қажетті макеттерді орналастыратын тұғыр (подставка) қажет болуына байланысты сол тұғырға қажетті материалдарды алуға көмек көрсетілу сұралды.

Үшінші мәселе бойынша 2025–2026 оқу жылында білім алушылардың кәсіби тәжірибесін ұйымдастыру бойынша жүргізілген жұмыстар туралы баяндады. Ол қазіргі таңда бірқатар кәсіпорындармен серіктестік келісімшарттар жасалды. Сонымен қатар, оператор біліктілігі бойынша тәжірибеден өту барысында қиындықтар туындайтыны атап өтілді. Баяндамашы топтардың өндірістік тәжірибеден өтуінің сапасын арттыру бойынша белсенді жұмыс жүргізу қажеттігін ұсынды.

Төртінші мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылының түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіштері бойынша талдау жүргізілгенін баяндады. Соңғы мәлімет бойынша бітірушілердің 59%-ы мамандықтары бойынша жұмысқа орналасқан, 7 білім алушы жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруда. Қалған 13 түлек әзірге жұмысқа орналаспаған. Баяндамашы жұмысқа орналасуға ықпал ету мақсатында жұмыс берушілермен өзара іс-қимылды нығайту, түлектермен кері байланыс орнату, түлектерге арналған бос жұмыс орындар жәрмеңкесін тұрақты түрде өткізу туралы ұсыныс білдірді.

Бесінші мәселе бойынша 2025–2026 оқу жылына арналған қоғамдық және мәдени іс-шаралар жоспары туралы баяндама жасады. Білім алушылардың белсенділігін арттыру, көшбасшылық қабілеттерін дамыту, жастар арасындағы еріктілік, патриоттық тәрбие және салауатты өмір салтын насихаттау бағытында ұйымдастырылатын шаралар туралы айтты. Атап айтқанда, «Студенттер лигасы» аясында спорттық жарыстар, көшпелі концерттер, қайырымдылық акциялары мен мәдени кештер өткізу көзделген. Сонымен қатар, білім алушылардың демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру үшін экскурсиялар мен танымдық сапарлар ұйымдастыру жоспарланған. Баяндамашы осы шараларды іске асыру үшін кеңес мүшелері тарапынан қолдау мен ұйымдастырушылық көмек қажет екенін атап өтті және де жатақхана жататын балаларға музыкалық әрлендіру үшін музыкалық жабдық (буфер) алуға көмек сұрады.

Шешімі:

1. Білім алушылар мен ата-аналарға құқықтық түсіндіру жұмыстары, ішкі тәртіп қағидаларын жүйелі түрде жүргізілуі қамтамасыз етілсін.
2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жоспарланған іс-шаралар жүзеге асырылып, білім алушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру жұмыстары жүргізілсін және колледж көрмесіне материалдық көмек көрсету мәселесі қаралсын.
3. Тәжірибе сапасын арттыру мақсатында әлеуметтік серіктестермен бірлескен жұмыс жүргізілсін.
4. Жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл нығайтылып, бос жұмыс орындары жәрмеңкесі тұрақты түрде ұйымдастырылсын.
5. Студенттер лигасы аясындағы іс-шаралар орындалсын және жатақхана студенттеріне арналған музыкалық жабдық (буфер) сатып алуға демеушілік көмек көрсету мәселесі қаралсын.

**Қамқоршылық кеңесінің
Төрағасы**

**Қамқоршылық кеңесінің
Хатшысы**




Муканов А.К.

Бисенгалиева А.Г